




Мамандық таңдау – болашақты таңдау

«Мүмкіндіктер алаңы» бұған ұйытқы болды

Жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесі – мемлекет пен кәсіпорындардың бірлескен күшімен шешіледі. Орталық саябақта жастар үшін ұйымдастырылған «Мүмкіндіктер алаңы» бос жұмыс орындарының облыстық жәрмеңкесі – осының айқын дәлелі. 80-нен астам жұмыс беруші мекеме-кәсіпорындар жас мамандарға жан-жақты ақпараттар берді.

Алғаш рет облыстық дәрежеде ұйымдастырылып отырған жәрмеңке жұмыс беруші кәсіпорын өкілдері мен жұмыс іздеуші жас мамандар арасындағы еш делдалсыз ашық алаңға айналды. Жұмыс беруші өз мүмкіндігін ұсынса, жас маманның айтқан талабы да қаперге ілінді.



РЕФОРМА –
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

• БРИФИНГ

Ынтымақ жолындағы бизнес форум

Елордада 2-4 тамыз күндері Қазақстан-Ауғанстан бизнес форумы өтеді. Бұл туралы Сыртқы істер министрінің орынбасары Қанат Тұмыш брифингте мәлім етті.

Ерканат КЕЧЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Ис-шараға екі елдің мемлекеттік органдары, квазимемлекеттік сектор мен іскерлік топтардың 400-ден аса өкілі қатысады. Қазақстан мен Ауғанстан арасындағы қатынас тату көршілік, өзара сенім мен тиімді ынтымақтастыққа негізделген. Қазақстан мен Ауғанстан халықтары – тарихи тамыры ортақ, ежелден бері бір құрлықты мекендеп келе жатқан көршілес, салт-дәстүрі ұқсас елдер. Ауған халқы да біздер секілді әл-Фарабиді мақтан тұтып, өз ата-бабасы ретінде қарайды, – деді Қанат Тұмыш.

Ауғанстан топырағында ислам өркениетінің алтын ғасырларына салым қосқан небір гүлдамалар туған. Ауғанстан халқы еңбекқорлығымен, ғажайып колонершілігімен, зергерлігімен, диқаншылығымен ерекшеленді. Қазақстан тарабы Ауғанстанның тәуелсіз, бейбіт, бейтарап, демократиялық әрі гүлденген ел ретінде дамығанына тілектестік білдіреді.

Астана Талибанды мойындау мәселесінде халықаралық қауымдастықтың ұстанымын толықтай қолдайтынын жеткізді вице-министр.

– Осы форумды Қазақстанда өткізу туралы шешім Ауғанстанның де-факто үкіметін мойындау фактісі болып есептелмейтінін атап өткім келеді. Бұл мәселеде біз бұрынғыдай Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік кеңесінің шешімдерін қатаң ұстанамыз. Талибанды тану мәселесінде ең алдымен, БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің тиісті шешімі шығу қажет екендігіне назар аударуды сұраймын, – деп ескертті Қанат Тұмыш Сыртқы істер министрлігінде өткен брифингте.

Спикердің мәлімдеуінше БҰҰ бұл мәселеге қатысты Ауғанстан билігіне бірқатар талап қойды. Атап айтқанда, инклизивтілік пен өкілдікті қолдау, террористік ұйымдарға өз аумағын қолдануға жол бермеу, этникалық азшылықтар, әйелдер мен балаларды қоса алғанда адам құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету қажет.

«Осыған байланысты Талибанды мойындау мәселесінде Астана халықаралық қауымдастықтың ұстанымын толықтай қолдайды», – деді Қанат Тұмыш.



де» жұмыс істегенмін. Ондағы жалақым 250 мың теңге болды. Ендігі мақсат – одан да жоғары еңбекақы ұсынатын жұмыс орынын қарастыру. Мен секілді жастар үшін бұл жәрмеңкенің берері

мол. Уақыт жоғалтпайсың, барлық ұсынысты бірден қарап, таңдауға мүмкіндік болады. Осындай жәрмеңкелер жылына бір рет ұйымдастырылып тұрса дұрыс болар еді. Себебі, жас мамандар мен жұ-

мыс берушілердің жолығып, көзбе көз сөйлесіп, келіскені әлдеқайда ұтымды, – дейді жұмыс іздеуші жас маман Ермек Сланбеков.

► 3-бет

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

Қарабұлақ ішімдіктен бас тартты

500-ден астам тұрғыны бар Қарабұлақ ауылы тұрғындары ішімдіктен бас тартқалы біршама уақыт болды. Бұл ауыл тұрғындарының бірлескен шешімі. Сондай-ақ, кейінгі үш жылда ауылда қылмыс тіркелмеген. Қарапайым ғана ауылдағы қоғамдық тыныштықтың сақталуына үлес қосып жүрген учаскелік полиция инспекторы, полиция капитаны Аманбек Әубәкіров пен ауыл тұрғыны Біржан Смақовқа облыстық полиция департаментінің бастығы, полиция генерал-майоры Санжар Әділов Алғыс хат тапсырды.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бірлігі жарасып, берекесі келіскен ауыл тұрғындары ағаға құрмет, ініге ізеттен жаңылған емес. Ауыл тағдырына алаңдайтын, белсенді халқы бар елді мекенді түлетуге ауыл әкімі Асылан Рақымбергенов те елеулі үлес қосуда.

– Ауыл адамдары саламатты өмір салтын ұстануды дұрыс санайды. Осы орайда аудандық прокуратура өкілдері мен учаскелік полиция қызметкерлерінің қатысуымен өткен жиында халық ауылда ішімдік сатылмайды деген шешімге келді. Ауылдағы мектепті ұстау мен бала санын көбейту мақсатында бес балалы отбасын көшіріп әкелді. Баспанамен қамтамасыз етті, – дейді ауыл әкімі Асылан Рақымбергенов.

Алдағы уақытта ауылға көшіп келуге ниет білдіргендер болса, жағдайын жасауға қол ұшын береміз деп отыр ауыл тұрғындары.

Қарқаралы ауданы

• АГРОКЕШЕН

Шаруа несиесі кейінге шегерілмек

«Жауын жауса екен» дегенді көбірек айтатын күндер өтуде. Биылғы жыл, шынымен, ең ыстықтығымен тарихта қалмақ. «Қазгидрометтің» жіберген «Алматы, Қызылорда, Маңғыстау, Ақтөбе, Жетісу, Ұлытау облыстарында, Қостанай, Қарағанды облыстарының оңтүстігінде 35-42°С қатты ыстық болады деп күтілуде» деген ақпараты күнде желіде.

Бұл мәселе Үкіметте жиі қаралуда. Биылдан бастап, алғаш рет мал азығын жинауға жеңілдетілген бағамен қосымша дизель отыны бөлінетін болды. Бұл Премьер-Министрдің орынбасары – Сауд және интеграция министрі Серік Жұмангариннің төрағалығымен Үкіметте өткен жедел кеңесте айтылды. Кеңесте биыл жауын-шашын аз болған және аптап ыстық тіркелген Қазақстанның кей өңір-

леріндегі ахуал талқыланды. Сондай-ақ, қуаңшылықтан зардап шеккен шаруаларға мемлекет тарапынан қандай көмек көрсетілетіні сөз болды. «Бәйтерек» холдингі, «Аграрлық несиелік компаниясы» АҚ және «ҚазАгроҚаржы» АҚ тарапынан құрғақшылықтан зардап шеккен шаруаларға несиелік қолдау қажеттігін қарастыратыны да айтылды.

Егін мен мал басын сақтау үшін сыйақы ретінде 1,6 млрд. теңге бөлінеді. Оның 1,3 млрд. теңгесі – субсидия.

Сақтандыру сыйақысын субсидиялауға республикалық бюджеттен бөлінген 5,9 млрд. теңге қаражаттың тек 2,4 млрд. теңгесі ғана игерілген.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, «Аграрлық несиелік компаниясы» АҚ және «ҚазАгроҚаржы» АҚ зардап шеккен шаруаларға несиелік мерзімін кейінге қалдыруға көмектесуі керек, – деді Серік Жұмангарин.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Балаға қамқор орталық

Алты жастағы Кирилл былтыр вирусты энцефалит салдарынан инсульт алып, не сойлей алмай, не қозғала алмай қалған. Анасы Лидия Сеннің айтуынша, реабилитацияның, яғни, оңалтудың арқасында қазір өзі жүріп-тұратын халге жетті. Сөйлейді де. Кирилл реабилитацияны осымен төртінші рет өтіп отыр. Бұл биылдыққа. Оған әр үш ай сайын оңалту курсынан өту керек. Осыдан кейін тағы бір рет келеді. Бұған дейін облыстық клиникалық балалар ауруханасында жатқан екен.

Облыстық клиникалық балалар ауруханасының жаңа ғимаратының бір бөлігінде «Қамқорлық» оңалту орталығы ашылғанына екі айға жуықтады. Мұнда балалар Кирилл сияқты қандай да бір аурудан кейін қалпына келеді. Сонымен қатар, үнемі қамқорлықты қажет ететін ерекше балалар да осында.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»


Ол балалар үшін оңалту шараларының әсері зор. Сол себепті де оңалту орталықтары жайлы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Жолдауында атап айтқан болатын. «Балаларға қолжетімді болу үшін шағын және орташа оңалту орталықтарының желісін кеңейту қажет. Біз ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін бірдей мүмкіндік жасауға міндеттіміз» деген сөзі реабилитация ісіне назар аударып, оны дамыта түсуге негіз болды. Қазір мұнда неврология бойынша патологиясы бар балалар келуде. Алдағы уақытта көрсетілімдер қатары көбеймек. Қандай да бір нақты ауруы болмаса да, жиі суық

тиетін, иммунитеті әлсіз балаларға дейін келе алады.

– Облыс денгейіндегі оңалту орталығын ашу идеясы бұрыннан болғанымен ол үшін сәйкес келетін ғимарат жоқ еді, – дейді облыстық оңалту орталығының басшысы Нина Деркач. – Жаңа ғимаратқа көшкеннен кейін ғана мүмкіндік туды. Облыстық балалар оңалту орталығы 60 балаға арналған. Мұнда күндізгі және тәуліктік стационар бар.

Нина Григорьевна барлығын өзі аралатып, көрсетті. Әйтпесе, сырттан келген адам үшін аурухана ішінде адасып кету оңай. Әуелі физио ем шараларын алатын кабинетке бардық.

► 2-бет



РЕФОРМА –
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР





Бұқаралық спорт қарқынды

«Өңірде мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған бассейндер аз. Ал, оған сұраныс көп. Қарағандыға шағын бассейн кешені керек». Бұл облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Темірхан Абылаевтың облыс әкімдігінің аппараттық жиынында жасаған мәлімдемесі. Жиында бұқаралық спортты дамыту және саламатты өмір салтын қалыптастыру тақырыбы қозғалды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облысымызда 55 373 мүмкіндігі шектеулі жан бар екен. Оның 31 118-і спортпен айналыса алады. Басым бөлігі – жүзуге бейім.

– Бұл – өте қажет кешен. Өйткені, ата-аналар тарапынан көп өтініш түсіп жатыр. Сол өтініштерге қарап, қажеттіліктің барын растай аламыз. Бүгінгі таңда мүгедектердің барлық санаттары арасында сұранысқа ие спорт түрінің бірі – жүзу. Себебі, мүмкіндігі шектеулі адамдарға судың пайдалы өте көп, – деді облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Темірхан Абылаев. Спикердің сөзінше, былтырдан бері аутизмге шалдыққан балаларды жүзу секцияларымен қамту бойынша мемлекеттік-әлеуметтік тапсырыс іске асырыла бастады. Мемлекеттік тапсырыс аясында 15 жаттықтырушы Екатеринбург қаласында осы санаттағы балалармен жұмыс істеуге бейімделген дене шынықтыру курстарынан өткен.

Темірхан Абылаев облыс әкімінің алдында тағы бір өзекті мәселені көтерді. Қалалар мен аудандарда жасакталған спорт



ауандары бүгінде қараусыз қалған. Яғни, нақты бір иесі жоқ. Ешқандай мекеменің меншігінде емес. Күтсіз қалған алаңдар мерзіміне жетпей тозып, қирап жатыр екен. Осы мәселені шешу үшін қажет хаттар жазылып, жауаптыларға жолданған.

Басқарма басшысының деректеріне сүйенсек, өңірде бұқаралық спорт қарқынды дамып келеді. Мәселен, 1000 адамға шаққанда халықтың спорттық инфрақұрылымымен қамтамасыз етілуі 64,8%-ға жеткен. Және осы салаға биыл 3 млрд. теңгеден астам қаражат бөлінген. Өңір аумағында 1 196 дене шынықтыру және спорт ұйымдары жұмыс істейді. Сонымен қатар,



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

оқушылар мен жасөспірімдер бос уақытын тиімді өткізетін 39 спорт мекемесі бар. Жалпы білім беретін мектептерде – 4597, колледждерде – 328, университеттерде 102 секция талапты өрендерді жаттықтырады.

Былтыр 4 млрд. теңгеден астам қаражатқа 6 нысан іске қосылған. Хоккейді дамыту мақсатында Нұра ауданының Шахтер ауылы мен Нұра кентінде хоккей корттары ашылған. Қарқаралы ауданының Егіндібұлақ елді мекенінде 100 орындық дене шынықтыру, сауықтыру кешені бой көтерген. Мұндай кешен Балқашта да салынды. Шахтинск қаласында бассейні бар кешен ел игілігіне берілді. Қарағандыда футбол манежі жасалды.

Ал, биыл және келесі жылы 5 млрд. 479,9 млн. теңгеге 6 спорт нысаны тапсырылады. Сонымен қатар, келесі жылы спартакиадалар мен марафондар саны артпақ.

• БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Бақпасаң, мал кетеді

Қараусыз мал қасқырдың қақпанына, ұрының ұртына түсіп, шаруаның егінін жайпап өтеді. Мұның алдын алуда мал жайылымын дұрыс ұйымдастыру мәселеге айналып отыр. Жалпы, аймақтағы ауыл шаруашылығы жануарларын жау қағидаларынан хабардар ету мақсатында өңірлік коммуникациялар қызметінде жауапты сала мамандарының қатысуымен баспасөз мәслихаты өтті.

Сағынш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 29 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Ауыл шаруашылығы жануарларын жаудың үлгілік қағидаларына» сәйкес Қарағанды облысында ауыл шаруашылығы жануарларын жау қағидалары» әзірленіп, Қарағанды облыстық мәслихатының 2022 жылғы 17 наурыздағы №154 шешімімен бекітілген. Осы Ережелер – Қарағанды облысының аумағында міндетті. Ережеде ауыл шаруашылығы жануарларын жау тәртібі, жайылым ұйымдастыру талаптары анық жазылған. Сонымен қатар, ереже

мал иелерінің жауапкершілігін де айқындайды, – дейді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы мал шаруашылығы бөлімі басшысының міндетін атқарушы Айым Асқарова.

Бекітілген Қағидаға сәйкес жұқпалы ауру анықталған, ветеринариялық екпеден өтпеген, бірдейлендірілмеген жануарларды жайылымға шығаруға болмайды. – Алдағы уақытта 213 мың ірі қара, 313 мың ұсақ мүйізді мал, 79 мың жылқы, 62 мың шошқа, 301 мың түйеге бірдейлендіру жүргізілмек. Бұл жоспар қаңтар айында әр ауданның қажеттілігіне сәйкес жасалды. Бүгінгі күні дереккер жүйесіне 400 мыңнан астам ауыл шаруашылық жануар-

лары енгізілді, – дейді облыстық ветеринариялық-санитарлық объектілердің жұмыс жасауын және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді ұйымдастыру бөлімінің басшысы Амандық Жәкентаев.

Облыстық аумақтық инспекциясы биологиялық қауіпсіздік бөлімінің басшысы Дархан Иманбаевтың айтуынша, бірдейлендірілген жүйе арқылы мал иесі өзінің төрт түлігі туралы кез келген ақпаратты мобильді қосымшадан қарай алады. Бірдейлендіруге салғырт қараған 14 тұлғаға 1 млн. теңгеден артық айыппұл салынған.

Малды қараусыз қалдырған жағдайда әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 408-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Осы орайда 931 мал иесі әкімшілік жауапкершілікке тартылғандығын айтып өтті облыстық полиция департаменті Жергілікті полиция қызметі басқармасы бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Талғат Оспанов.

Балаға қамқор орталық

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Физиопроцедуралар ең заманауи деген аппараттарда жүргізіледі. ВТЛ фирмасының аппараты электр стимуляциясымен емдеуге арналған. Лазерлі және магнитті терапия, парафинді жылытуға арналған құралдар, басқа да аппараттар бар, – деді физиокабинеттің медбикесі Светлана Клейменова.

– Күндізгі стационардың өзінде де арнайы палаталар бар. Бірнеше сағат болса да, баламен келген ата-аналар үшін ыңғайлы етіп жасалды. Екі адамдық палата, жеке жетханасы бар, – деп көрсетті Нина Григорьевна.

Оңалту орталығының жеке тіркеу бөлімі жұмыс істеп тұр. Невропатолог пен реабилитолог мамандар баланы қарап, қандай ем алуға болатынын айқындап береді.

– Мұнда қатты ауырып тұрған балалар келмейді. Жүйке жүйесі ауруларына шалдыққан балалар көбірек. Балалардың сал ауруы, энцефалопатия, неврологиялық патологияның басқа да түрлерімен келеді. Алдағы уақытта «Березка» шипажайының балаларын қабылдаймыз. Онда бала-

лар суық тию, анемия сынды аурулармен жататын. Тура осындай екінші орталық ашылады. Орын жеткілікті болады, – дейді дәрігер.

Екінші орталықтың да жөндеу жұмыстары аяқталып, дайын тұр екен. Тек құрал-жабдықтардың келуін күтіп отыр.

– Шунгит бөлмесінде сыртқы ортаның әсері жоқ. Онда анасы мен баласы бір өздері ғана. Жүйке жүйесіне әсер ететін сыртқы рефлекторлық тітіркендіргіштерді алып тастау керек болғанда үшін ыңғайлы етіп жасалды. Екі адамдық палата, жеке жетханасы бар, – деп көрсетті Нина Григорьевна.

Нина Григорьевнаның айтуынша, мұндай тұтас шунгит бөлмесі облыстағы қымбат деген СПА орталықтарда жоқ. Мұнда тегін.

Одан кейін дефектологтың кабинетіндегі интерактивті үстелді көрдік. Дефектолог пен логопед тұрақты түрде жұмыс жасайды.

Бақытжамал Әбдірахманова 5 жастағы немересімен логопедтің кабинетінен шықты.



– Келгенімізге екінші күн. Тіл дамуында кемістік бар. Бізге №3 емхана жолдама берді. Алғашқы аптада осында жатып, баланы үйретіп алайын дедім. Келесі аптадан бастап, күндізгі стационарға ауысамыз, – дейді ол.

Логопед Қымбат Алимованың айтуынша, ол күніне 20 сағатты бала қабылдайды.

• БРИФИНГ

Газдандыру: пайызсыз несие, әлеуметтік көмек

Қарағанды қаласын көгілдір отын көк түтіннен құтқарды. Қыста ыстан әбден әлекке түсетін Қарағандының бұйырса, бірер жылда көзі ашылып, тынысы кеңиді. Қазіргі уақытта біраз көшеге газ жеткен. Ендігісі бұқараға байланысты. Яғни, көше-сіне келген газды баспанасына бұрып алу ғана қалып тұр. Жергілікті билік бұл орайда қол қусырып отырған жоқ. Пайызсыз несие мен әлеуметтік көмек те қарастырылғанын мәлімдейді. Ал шамамен бір үйдің 150,2 текше метр аумағын жылыту үшін 770 мың теңге көлемінде қаражат қажет екен.

Қызғалақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Халықтың жер үйіне газ тартуы үшін пайызсыз несие беріледі. Бұдан бөлек, әлеуметтік әлжуаз тобындағы қауымға бір реттік әлеуметтік көмек тағы бар. Оны көрсететін – Қарағанды қаласының бюджеті. Құзырлы орындардың айтуынша, Қарағанды төрт кезең арқылы толық газбен қамтылады. Бұл төрт кезеңде

жүріп жатыр. Онда 38 көшедегі 2852 үйге газ беретін 68 шақырым салынады. Қарағанды қаласы әкімдігі тарапынан тұрғындардың жекелеген санаттарына үйлерін газдандыруға біржолғы әлеуметтік көмек көрсетіледі. Мұндай әлеуметтік көмек жасы бойынша зейнеткерлерге, мүгедектігі бар адамдар және мүгедек балалары бар, оларды тәрбиелеп отырған отбасыларға, көпбалалы аналар мен көпбалалы отбасыларға, басқа мемлекет-

тыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне өтініш тастауы тиіс.

Қарағанды облысының тұрғын үй қорын жаңғырту орталығы – жеке тұрғын үйлерді газға қосу жөніндегі мемлекеттік бағдарламаның операторы. Орталық директоры Данияр Дүйсембаев бағдарлама арқылы биыл 300 үйді қосу жоспарда екенін айтады.

– Қарағанды облысының тұрғын үй қорын жаңғырту орталығы жеке тұрғын үйлерді газға қосу жөніндегі мемлекеттік бағдарламаның операторы болып табылады. Бағдарлама бойынша биыл 300 үйді қосу жоспарлануда. Оның 200 үйі – Қарағандыда және 100 үйі – Теміртауда. Несие-селеу 5 жылға дейін, пайызсыз. Бұл арада алгоритм қарапайым. Тұрғын үйдің құқықтық құжат-



16 қосу кешені бар. 2021 жылдан бері бірінші және екінші қосу бекеті толық аяқталыпты. Бірінші бекет арқылы Қарағандының 66 көшесіне газ жетті. Онда 1695 үй бар. Екінші бекетте 55 көше. Мұндағы үй саны – 2471. Жалпы, бүгінде 995 үйде газ бар.

Қала әкімінің орынбасары Қайрат Қамзиннің мәлімдеуінше, бұл үйлердің 1397-сі абоненттік техникалық шарттарды алған. Былтырдан бері үшінші бекетте жұмыс жүріп жатыр. Мұнда 38 көше болса, газ алатын үй – 2852 екен.

– Бірінші пункттегі 66 көшеге газ жеткізетін 55 шақырым, екіншіде 76 шақырым газ құбыры төселді. Өткен жылдан бастап, үшінші пункт бойынша жұмыс

тер аумағында жауынгерлік әрекеттерге қатысқан ардагерлерге, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, газдандыруға жататын жеке үйлерде тұратын балалардың қамқоршыларына жасалады. Әлеуметтік көмектің мөлшері газ жабдығын жеткізуге және орнатуға байланысты нақты шығындарға сүйеніп, анықталады. Бірақ ол 100 АЕК-тен аспайды. Бұл – 345 мың теңге, – деді Қайрат Қамзин.

Былтыр 8 млн. теңгеден астам сомаға 28 отбасына көмектесе, бұл жартыжылдықта 35 отбасы алған. Оған 12 млн. теңгеден астам қаражат жұмсалыпты.

Әлеуметтік көмек алу үшін Қарағанды қаласының жұ-

тарын Жаңғырту орталығына тапсыру қажет. Өтініш бергеннен кейін «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-дан техникалық шарттар алып, мердігерді таңдап, үш-жақты шарт жасалады, – деді Данияр Дүйсембаев.

Техникалық шарттарды алу үшін төрт құжат қажет: жеке куәлік, кадастрлық анықтама, техникалық төлқұжат, жер актісі.

Газдандыру қызметінің басшысы Аманжол Мұхаметтің айтуынша, бір үйдің 150,2 текше метр аумағын жылға қосу 770 теңге шамасында. Жоғарыда атап өткеніміздей, бүгінде 4166 абоненттің 995-інің үйінде газ. Газдың текше метріне 1 шілдеге бекітілген құны – 38 теңге 99 тиын.

– Бізге әртүрлі бала келеді. Аутизм, Даун синдромы, сал ауруы бар балалар келеді. Әрқайсы-

яқты. Қарапайым әрекеттер. Бірақ ерекше балалар үшін әжептәуір жұмыс екенін айтады дәрігер.

лықтап жүргендей сезімде болады. Бұл баланың жүйке жүйесін тыныштандыруға ықпал етеді, – дейді Нина Деркач.

Мұнда тұздан жасалған бөлме де бар. «Қыста нағыз керекті осы», – деп қояды Нина Григорьевна.

Емдік шынықтыру кабинетінен үшеу. Әрқайсысы баланың жасы мен денсаулығының жағдайына байланысты.

– Мұндай орталықтың ашылуы мүгедектігі бар балалардың көбеюімен тікелей байланысты. Ашылған кезде біз бұл балалар туралы ақпарат жинадық. Бізге кімдер келетінін, қандай ем жасауымыз керектігін алдын ала бағдарладық. Баламен жалпылама емес, жеке-жеке жұмыс істеу үшін жасалды. Барлық облыстық, қалалық емханалар біледі. Жолдамамен жібере алады. Бірінші орталық 3 айдан 3 жасқа дейін, екіншісі 3 жасдан 17 жасқа дейінгі балаларды қабылдайды. Қазір оңалту шараларына айырықша көңіл бөледі. Ата-аналар да бұл тұрғыдан сауатты, белсенді. Бүгінде 35 бала келіп жүр. Бірақ, бұл сөзсіз көбейеді, – дейді Нина Деркач.

Орталық басшысы бір орталық айына – 50, жылына 600 баланы қабылдайды деп жоспар қойып отыр. Екінші орталық іске қосылғанда бұл екі еселенеді.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Мамандық тандау – болашақты тандау

«Мүмкіндіктер алаңы» бұған ұйытқы болды

(Соңы. Басы 1-бетте)

IT, өндіріс мамандарына сұраныс күшті

Сұранысқа ие мамандықтардың басым бөлігі өнеркәсіп саласына байланысты. Инженер, машинист, электрик, технолог, инспектор, жүргізуші, есепші мамандарына деген сұраныс жоғары.

– Жастарға арналған бүгінгі бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі облыстық деңгейде алғаш рет ұйымдастырылды. Қарағанды қаласынан бөлек, аудан-қалалардан да жұмыс берушілер өздеріне маман іздеп келіп отыр. Ұзын саны 80-нен аса «KamaTyesKZ», «Қарағанды Су» ЖШС, «Шұбаркөл Премиум» АҚ, «Каз-Метиз» ЖШС, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ секілді ірі кәсіпорындар қатысуда. Аймақ бойынша Епбек.kz порталында тіркелген 2500-дей бос жұмыс орны бар. Жәрмеңкенің «Мүмкіндіктер алаңы» аталуының өзі жастардың мамандығына сай дұрыс тандау жасауына мүмкіндік туғызды. Жалпы, мұндай жәрмеңкелер жергілікті жерлерде ай сайын өтіп отырады. Бүгінгі жәрмеңкеде IT мамандарға сонымен қатар, біздің аймақта ірі өндіріс орындары орналасқандықтан болар, техникалық мамандарға деген сұраныс өте жоғары екен. Әсіресе, газбен дәнекерлеуші, ауыр жүк көліктерінің жүргізуші мамандары өте қат.

– Биыл «Өңірлік жұмыспен қамту картасы» бойынша 52 мың адамды жұмыспен қамтымыз деп жоспарлап отырмыз. Қазіргі уақытта 22 мың адамға жұмыс бердік. Көпшілігі субсидияланатын жұмыс орындарына жіберілді.

Тағы бір айта кететіні, биылдан бастап, жастар бастамашылығын дамытуға арналған жеңілдетілген 2,5 пайыздық мөлшермен несие беріліп жатыр. 5 млн. теңге 5 жылдан 7 жылға дейін беріледі. Бұған қоса, мемлекет тарапынан гранттар да қарастырылған.

Биыл бізде 190 жасқа грант беру жоспарланса, соның 150-уі қайтарымсыз грантқа ие болды. 300-ден аса шағын несие беруді жоспарлап отырмыз, – дейді облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбары Төлеу Мұқтаров.

Кешегі жас кәсіпкер – бүгін көрмеде

Әлеуметтің әлеуетін көтеру, жастарды жұмыспен қамту мақсатында аймақта алғаш рет өткізіліп отырған бос жұмыс орындарының облыстық жәрмеңкесіне жастар саясатын дамытуда мемлекет тарапынан жеңілдетілген несие, қайтарымсыз грант алған жас кәсіпкерлер де қатысып, өз өнімдерін ұсынды. Солардың бірі – көпбалалы ана, қала тұрғыны Әсел Мұқышева.

– Мен бала тәрбиесімен үйдемін. Үйде бос отырмай, өзіме ыңғайлы тігіншілікті қолға алдым. Алдымен, балаларыма іш киім, майка, футболка тігуден бастадым. Бизнес идеямды қорғап, 400 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде грант ұтып алдым. Бүгінде ұлттық және этникалық стильде киімдер, желетке, қол дорбалар тігемін. Қазіргі уақытта мектеп формаларына деген сұраныс жоғары, – дей келе, тұтынушының сұра-




нысына сай заманауи стильде де тігетінін айтып өтті.

Жәрмеңкеге арнайы өз өнімдерін алып келген жас кәсіпкерлер де қанда бар мүмкіндікті пайдаланып, кәсіп бастаудың қыр-сырымен бөлісіп бақты.

Жұмыс бар. Маман тапшы

– Біз «Қазақтелеком» АҚ-нан өзімізге жас мамандар іздеп келіп отырмыз. Бүгінгі күнде аймақ бойынша сату бөлімінде бос жұмыс орындары бар. Үш-төрт жас маман келіп, ақпараттық кітапшамызды алып кетті. Қайта айналып келеді деген үміттеміз. Біздің мекемеге келген маман өкінбейді. Біздегі ұжымдық келісімшартта қызметкердің әлеуметтік жағдайына ықпал етер көп мүмкіндік бар. Әсіресе, әлеуметтік қамсыздандыру өте жақсы. Шипажай-



ға демалыс, балаларды лагерьге жіберу секілді және тағы басқа қолдау қарастырылған. Ондай әлеуметтік қамсыздандыру кез келген мекемеде жоқ. Мәселен, еңбекақыдан бөлек, бонус, тоқсандық сыйақы беріледі, – дейді «Қазақтелеком» АҚ-ның мамандары Әлия Меди мен Әсел Ертісбаева.

Жұмыс беруші ретінде жәрмеңкеге келген Қарағанды ауданы орталық аурухана бірлестігі басшысының орынбасары Нәзира Үлдірқызы ауданда дәрігер мамандардың жетіспеуіндігін тілге тиек етті. «Егер ауданға келіп еңбек ететін деген маман болса, баспанамен қамтамасыз етіп, көтерме қаражатпен көмек көрсетеміз» дейді.

Қат маманның қатарында мұғалім де бар

– Балқаш қаласында 17 мектеп бар. Оның 10-да педагог кадрлар жетіспейді. Көбіне физика, математика, информатика, орыс тілі, ағылшын тілі, география, психолог, әлеуметтік педагог мамандарына сұраныс өте жоғары. Әрбір мектепте 8-10 бос жұмыс орны бар. Соларды толтыру үшін бүгінгі жәрмеңкеге келдік. Қазір мектептерде бала саны көбейіп, қосымша сыныптар ашылып жатыр. Әсіресе, психолог мамандар тұрақтамайды. Жалпы, мектепте балалармен жұмыс істеген қызықты. Қазіргі балалар еркін ойлы, ашық. Әрі мұғалімдердің еңбекақысы да жақсы. Егер келіп жұмыс істейтін десе, баспанамен де көмектесеміз. Балқаш қаласы мектептерінің білім деңгейі жоғары, білім беру деңгейімен облыстағы ондыққа кірсек, республика бойынша алдығы қатарлы 100 мектептің сапындамыз. Тәжірибелі мұғалімдеріміз жас мамандарды тәрбиелеп, тәжірибесін бөлісуге әрқыз дайын.

Бүгінгі жәрмеңкеге жас мамандарды табамыз деген зор үмітпен келіп тұрмыз. Жастар келіп, анықтамалықтарымызды алып кетіп жатыр, – дейді Балқаш қаласы, С.Сейфуллин атындағы №7 мектеп-гимназиясының директоры, қалалық педагогтар ассоциациясының төрағасы Гүлзада Манатаева.

Мәселен, «Шұбаркөл көмір» компаниясына шұғыл түрде, тепловоз машинисттері мен олардың көмекшілері, теміржол вагондарын өңдеу бойынша тау-кен жұмысшылары, таразышылар, зертханашылар және басқа да мамандар қажет.

Топар жылжымайларын қолөнершілер, тамшылатып суару операторлары, өсімдіктерді қорғау бойынша жұмысшылар қажет. Кәсіпорын өкілдерінің айтуынша, тәжірибе қажет емес. Үйретуге дайын, бастысы – жұмыс істеуге деген ұмтылыс.

Сондай-ақ, фермерлер де жәрмеңкеге қызметкерлер іздеп келді.

– Біз бірнеше жас мамандарды қабалдадық. Қосымша тағы да қажет, механиктер мен слесарьлар керек. Біздің техника заманауи, шетелде өндірілген, компьютер арқылы басқарылады. Келген қызметкерлер үшін жатақхана бар, – дейді Абай ауданының «Поливное» ФК менеджері Вахит Ясызов.

Жәрмеңке жұмыс берушілер мен жас мамандардың еркін ақпарат алысқан пікір алаңына айналды. Өз мүмкіндіктерін сынап көруге келген жастар барлық мекеме-кәсіпорындарды аралап, өздері туралы қажетті мәліметтерді қалдырып отырды. Келген жастардың толыққанды ақпарат алуына жағдай жасап, сауалнама парақшаларын таратып жүрген қалалық Мансап орталығының маманы Таңшолпан Кәрібаева жас мамандардың жұмысқа тұруға деген ынтасы зор екендігін айтып өтті. Ақпарат тақтасы маңындағы жастардың қалың нөпірі маманның сөзін толықтырғандай болды.

Суреттерді түсірген Жаналды ӘБДИГАЛЫМ

Академик **Е.Бөкетов** атындағы Қарағанды университетінің экономика факультеті түлектерді бакалавриат пен магистратураның келесі мамандықтары бойынша мамандар дайындайды:

«IT-кәсіпкерлік және цифрлық экономика» (математика + информатика), «HR-экономика және еңбек қауіпсіздігі», «Математикалық экономика, статистика және деректерді талдау» (физика + математика), «Экономика» (докторантура бар), «Менеджмент», «Есеп және аудит», «Қаржы», «Мемлекеттік және жергілікті басқару» (докторантура бар), «Маркетинг және SMM», «Логистика», «Мемлекеттік аудит», «Әлемдік экономика», «Кәсіпкерлік және жобаларды басқару», «Бизнес-аналитика және консалтинг», (география + математика), «Туризм», «Мейрамхана ісі және қонақ үй бизнесі» (география + шет тілі), Грантка түсу үшін – ҚарҰ коды – 031; Мемл. лицензия: KZ83LAA00018495, «ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті» 28.07.2020 ж. берген, тел.: 8(7121)35-64-05, <https://buketov.edu.kz/>, priemka@ksu.kz №409

	<h1>ЕСКЕРТУ</h1>	<h2>ХАЛЫҚТЫҢ, КӘСПОРЫНДАРДЫҢ, ҰЙЫМДАРДЫҢ, ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА</h2>
<p>ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ:</p> <p>Құбырлардың күзетілетін аймақтарында құбырлардың қалыпты пайдаланылуына немесе олардың бузылуына әсер ететін түрлі әрекеттерді жасауға тыйым салынады, соның ішінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> тану белгілерін, бақылау-өлшеу пункттерін ауыстыруға, үюге және сындыруға; кабель желілерінің қызмет көрсетпейтін күйеуіне ұшырауына, қақпақтарын, қақпаларын және есіктерін, желілік арматураның торап қоршауларын, қатодты және дренажды қорғау стансаларын, желілік және қарау құдықтарын мен басқа желілік құрылғыларды ашуға, қрандар мен ысырмаларды ашып, жабуға, байлансы, энергиямен қамтамасыз ету және құбыр телемеханикасы құралдарын өшіруге; түрлі қоқыс орындарын жасауға, қышқылдар, тұздар мен сіптілердің ерітінділерін төгуге; жаға бекіту имараттарын, су өткізу құрылыстарын, құбырларды, байлансы желілерін буздан, ал жақын аумақ пен айналадағы жерді апаттық құйылу мен тасымалданатын өнімнен қорғайтын жер және өзге имараттарды (құрылыстарды) бузуға; зәкірлерді суға тастауға, суға тасталған зәкірлермен, тізбектермен, сүйретпелермен және тракторлармен өтуге, тереңдетіп қазу мен жерге батыру жұмыстарын жүргізуге; от жағуға немесе ашық немесе жабық от көздерін орналастыруға. <p>Магистральды мұнай құбырларының күзетілетін аймақтарында «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің жазбаша рұқсатынсыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> «ҚазТрансОйл» АҚ-пен орналасу жерін, құрылыс жүргізу, жайластыру және пайдалану тәртібін келіспей магистральды құбырлар және оның күзетілетін аймағы трассасының өткелдерін, топырақ жолдарын немесе өзге уақытша немесе тұрақты келік қиылыстарын орналастыруға; бақ өсіруге және ағаш өсіруге, сонымен қатар жыртқыштар тереңдігі отыз бес сантиметрден аспайтын қыр ауыл шаруашылық дақылдарды өсіруге бағытталған агротехникалық жұмыстардан басқа, «ҚазТрансОйл» АҚ-пен келісімге қандай да бір жұмыстарды орындауға; магистральды құбырларға қызмет көрсетуге және оның физикалық қорғанысын қамтамасыз етуге арналған «ҚазТрансОйл» АҚ-пен орналастырылған жолдарды қалпына келтіруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген жағдайлардан басқа осы жолдар бойынша магистральды құбырларда өртке қарсы және күзет қызметтерін орындайтын қызметкерлердің қозғалысына кедергі жасауға; кез келген құрылыстар мен имараттарды салуға; автомобиль көлік құралдарының, тракторлар мен механизмдердің тұрақтарын ұйымдастыруға; 		
<p>«ҚазТрансОйл» АҚ Павлодар мұнай құбыры басқармасы, 140004, Павлодар қ., Солтүстік өнеркәсіптік аймақ. Тел: 8 (7172) 55-52-57 – №7 техникалық уәкесінің БДБ диспетчері; Павлодар қ.: 8 (7182) 73-43-64 – «Павлодар» БМАС ауысым бастығы; 8 (7182) 73-32-41; факс: 8 (7182) 73-32-42 – Павлодар МҚБ бастығының қабылдау бөлмесі.</p>	<p>«ҚазТрансОйл» АҚ Қарағанды мұнай құбыры басқармасы, 100026, Қарағанды қ., Галеев көш., 4/3. Тел: 8 (7172) 55-52-57 – №7 техникалық уәкесінің БДБ диспетчері; 8 (71030) 2-60-95 – «Атасу» БМАС-тың операторы; 8 (7212) 98-22-41, факс: 8 (7212) 98-22-42 – Қарағанды МҚБ бастығының қабылдау бөлмесі.</p>	<p>«ҚазТрансОйл» АҚ Жезқазған мұнай құбыры басқармасы, 100600, Жезқазған қ., Ескі Әуешай ауд. Тел: 8 (7172) 55-52-55 – №5 техникалық уәкесінің БДБ диспетчері; 8 (7102) 925-255 – «Күмкөл» БМАС ауысымының бастығы-кезекші; 8 (7102) 925-241, факс: 8 (7102) 925-242 – Жезқазған МҚБ бастығының қабылдау бөлмесі.</p>



CHENGDU 2021

XXXI жазғы Универсиада: қоржында сегіз медаль

Қытайдың оңтүстік-батысындағы Сычуань провинциясының Чэнду қаласында XXXI Дүниежүзілік жазғы Универсиада басталды. Қытай торағасы Си Цзиньпин Универсиаданың ашылғанын жариялады. Алты құрлықтың абадан спортшылары бас қосқан спорт додасына қазақстандық делегацияны Ғылым және жоғары білім вице-министрі Талғат Ешенқұлов бастап барды. Бұл жолы ашылу салтанатының делегацияның шеруінде Қазақстан құрамасының Туын алып жүру мәртебесі Ы.Алтынсарин атындағы Аркалық педагогикалық институтының III курс студенті, ҚР спорт шебері, дзюдодан Қазақстан ұлттық және жастар құрамасының мүшесі Қаблан Нұрсұлтанға бұйырды.



Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Байрақты бәсекеде ел намысын қорғайтын спортшыларға Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек арнайы бейне үндеу жолдап, қолдау көрсетті. «Білімді, тәрбиелі әрі дені сау ұрпақ – мемлекеттің ең қымбат байлығы, асыл қазынасы. Жастарымыздың білім алумен қатар, олардың спортпен шұғылдануына қолайлы жағдай жасау – біздің министрліктің басты міндетінің бірі. Талантты студенттеріміздің республикалық және халықаралық деңгейдегі байрақты бәсекелерге қатысуына барлық мүмкіндіктер қарастырылып келеді», – деді министр. Универсиадада 18 спорт түрінен 269 жүлде бар. Қазақстанның 93 спортшыдан тұратын студенттік командасы спорттың 11 түрінен бақ сынап, ел намысын қорғауда. Атап айтсақ, садақ ату, гимнастика, жеңіл атлетика, семсерлесу, дзюдо, жүзу, үстел теннисі, таеквондо, оқ ату, ушу. Ел құрамасы 26 жоғары оқу орнының студенттерінен жасақталған.

Ұйымдастыру комитетінің өкілдері Универсиадаға жұмылдырылатын 49 стадион екі жыл бұрын пайдалануға берілгенін айтты. Биыл спорт нысандарын қабылдау және сынақтан өткізу жұмыстары жүргізілген. Олардың барлығы стандартқа сай және халықаралық жарыстарды өткізуге жарамды. Спорттық шараға 20 мыңнан астам волонтер тартылды. Жазғы Универсиадада Қазақстан спортшылары қоржынында әзірге сегіз медаль бар. Атап айтсақ, күмісті шағын калибрлі винтовкадан атудың шеберлері Константин Малиновский, Ислам Сәтпаев пен Никита Шахторин және тез атылатын пистолеттен ату дисциплинасында Никита Чирюкин жеңіп алды. «Бұл спортшылардың ғана емес, олардың бапкерлерінің де ерен еңбегі. Жарайсындар! Осы жігіттердің жетістіктері арта берсін! Спортшыларымыздың әрбір жеңісі елді қанаттандырады», – деп жазды Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек. Бұған дейін дзюдошы Сұңғат Жұбатқан 66 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде қола медальдің иегері атанды. Ал, ел құрамасы қоржынына төртінші медальді дзюдошы Аскар Наркұлов салды. Ол 73 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде III орын үшін қырғыз балуаны Шыңғысхан Сағыналиевті жеңіп, қола жүлдегер атанды. Он метрлік мылтықтан ату бойынша командалық жарыста Константин Малиновский, Ислам Сәтпаев және Никита Шахторин үшінші келіп, қола медаль жеңіп алды. Үндістан мен Қытай өкілдеріне ғана жол берген олар бір күн бұрын 50 метр қашықтықтан үш позициядан мылтық атудан командалық жарыста күмісті жеңіп алған-тын.

Тағы бір спортшымыз, садақшы Дина Тұрсынбек садақ ату жарысының финалында өнер көрсетті. Шешуші сәтте Оңтүстік Кореяның спортшысы Чой Ми Сунға 6:2 есебімен жеңіліп, күміс жүлдегер атанды. Ал, гимнаст Эльжан Танеева ел қоржынын тағы екі медальмен толықтырды. Спортшы арнайы дөңгелек құрылғымен шыр айналу бойынша жеке жарыстарда Венгрия мен Украина спортшысына есе жіберіп, қола жеңіп алды. Мұнымен тоқтамай, жеке доппен шыр айналу бағытында Болгария гимнастын шаң қаптырып, венгриялыққа жол беріп, күміс медаль жеңіп алды. Қытай осымен үшінші рет Дүниежүзілік жазғы Универсиаданы өткізіп отыр. Бұған дейінгі ойындар 2001 жылы Бейжіңде және 2011 жылы Шэньжэньде өткен. Универсиада 8 тамызға дейін жалғасады.

• ФУТБОЛ

«Шахтер» «Ақсуға» есе жіберді

Футболдан премьер-лига командалары арасындағы ел біріншілігінің 17-турында Павлодар облысының «Ақсу» командасы өз алаңында Қарағандың «Шахтерін» қабылдады. «Шахтер» командасы 1:2 есебімен жеңіліп қалды.



Тартысты өткен ойын барысында павлодарлық клубтан Евгений Кобзарь 38, Андрей Соловей 57-минутта мергендік танытып, гол соқты. Оған қарағандылық клубтан Роман Муртазаев 70-минутта бір голмен жауап қайтарды. Бірақ ойын соңына дейін есеп солай өзгермеді. Осылайша, «Ақсу» командасы турнир кестесінде 13-орынға көтерілді. – Дайындық мығым еді. Ойын да ойдағыдай өрбіді. Екі рет қате жіберіп, гол өткізіп алдық. Біреуін түзеттік. Ойыншылар барын салды. Оларды жазғы ойым жоқ. Алайда, қарсыластардың бағы мен бабы қатар шапты. Қарағандыдан арнайы келген жанкүйерлерге алғысым шексіз, – деп атап өтті бас бапкер Игорь Солошенко.

• ХОККЕЙ

Құрам бекіді

2023-2024 маусымына арналған «Сарыарқа» жаттықтырушылар штабы бекіді. Команданың бас бапкері – Владимир Николаевич Князев.

Бұрын «Алматы», «Құлагер» және «Полюс» командаларының және шайбалы хоккейден арнайы мамандандырылған мектептің жаттықтырушысы болған. «Мұнайхимик» құрамында Еділ бойы чемпионы, сондай-ақ, «Барыс» құрамында Ресей чемпионы және «Сарыарқа» құрамында Қазақстан чемпионы атанған. Қақпашылардың жаттықтырушысы – Евгений Вадимович Лобанов. Бас бапкердің көмекшісі – Виктор Васильевич Буяльский. Жалпы дене шынықтыру бойынша жаттықтырушы – Дмитрий Вячеславович Глазков.

• БАСПАСӨЗ ТУРЫ

8 жастан 80-ге дейін тың жобада мыңнан астам адам бар

Қарағанды қалалық әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының бастамасымен «Спорт әр аулада» жобасы екі жылдан бері жүзеге асып келеді. Нәтижесінде мыңнан астам қала тұрғыны үйінің қасында спортпен шұғылданады.

«Спорт әр аулада» жобасы негізінде 1 маусымнан бастап, қала аулаларында ересектерге арналған таңертеңгі фитнес жаттығулары, балалар мен жасөспірімдерге арналған Zumba, жалпы физикалық дайындық жаттығулары скандинавиялық сеурендеу бойынша сабақтар, кешкі уақытта турнирлер өткізілуде. – 40 спорттық алаңда әртүрлі жастағы тұрғындар үшін спорттық шаралар ұйымдастырылуда. Бүгінде қарағандылықтардың барлығы бұл туралы біледі. Жас ерекшелігіне, тұрғындардың өздерінің қалауларына қарай, әр түрлі жаттығулар өткізіледі. Бұл жаттығулар 8

жастан бастап, 80 жастағы егде адамдарды қамтиды. Мыңнан астам адам тұрақты түрде қатысып отырады. Жалпы, бұл Қарағанды қаласының әкімдігінің бастамасымен өткізіліп отыр. Өткен жылы да ұйымдастырылған. Бытыр 24 алаң қамтылса, биыл 40 алаң, – дейді Қарағанды қаласының дене шынықтыру және спорт секторының меңгерушісі Берік Досымбеков. Тұрғындарға ыңғайлы болу үшін сабақты өткізу уақыты таңертең жұмысқа дейін және кешке жұмыстан кейінгі уақытқа қойылды. Айтпа кетейік, барлық сабақтар балалар үшін де, ересектер үшін



де тегін. – 63 жастамын. Жобаға қатысқаным 2 жыл. Өзіммен бірге күйеуімді де ертіп келемін. Жоба туралы Instagram арқылы білдім. Бұл жоба бізге жинақылық, көтеріңкі көңіл күй және уақытты тиімді өткізіп, жаңа адамдармен танысып, сөйлесуге мүмкіндік береді. Таңертең және кешкісін жаттығамыз. Кешке тіпті, көп адам жиналады. Әсіресе, балалар қатысып, бізбен бірге билеп, жаттығады. Ұйымдастырушыларға алғысымызды айтамыз, – дейді қала тұрғыны Вера Ониско. Сонымен қатар, балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыру, саламатты өмір салтын насихаттау мақсатында 10 шілдеден бастап, «Локомотив» спорт кешенінің базасында жазғы спорт лагерінің жұмысы ұйымдастырылған болатын. Лагерде 160-тан астам бала бар. Мұнда әлеуметтік осал топтағы балалар мен басқа да санаттағы балаларға бір айға тегін демалуға жолдама берілді. Балалар үшін спорттық және ойын-сауық іс-шараларда танымал спортшылар мен спорт мектептерінің жаттықтырушыларының қатысуымен шеберлік сыныптары өткізіледі. Сондай-ақ, квестпен экскурсиялар ұйымдастырылып, балалар бассейні мен спорт залдарына тегін барады. – Басты мақсат – балалардың жазғы демалысын көңілді әрі жарқын етіп өткізу. Балалар белсенді. Бірбіз балалардың жұмбақ әлемде, телефонның ішінде өмір сүріп жатқанын білеміз. Соны жоюға тырысамыз. Лагерімізге спорт мамандары келіп, спорттық шығармашылық ойындар өткізіп отырады. Сондай-ақ, футболға арналған шеберлік сабақтары бар. Балалар дән риза, – дейді лагердің аға жетекшісі Нәзира Өміртай.

Қарақат ҚҰРМАШЕВА, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-дің II курс студенті



ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары – «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы – **О.В. МЯГКИХ**
Директордың орынбасары – **Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА**

Бас редактор – **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары – **Қ.А. АЙТЖАН**
Сайт редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**
Жауапты хатшы – **Ж.Қ. ШАЛҚАР**

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш, Призерскс: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтықс, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонна хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJL2KZХХ БИН 000840001412

Таралымы 4 396
№84 тапсырыс. Индекс 65484
Оффсеттік басылған. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сатбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Сағыншы ӘБІЛ